

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

практическую и методическую помощь со стороны преподавательского состава вуза и сотрудников IT сферы в соответствии с графиком. На протяжении всего обучения студентам предоставляется возможность посещения консультаций, которые можно получить в определенные офис-часы через платформы для онлайн-коммуникаций, учебный портал и мессенджеры. Студенты имеют возможность просматривать обучающие видео лекции, работать по электронным учебникам библиотеки вуза, использовать компьютерные обучающие программы и тестирующие комплексы по всем изучаемым дисциплинам. Имеется свободный доступ посещения компьютерных залов для самостоятельных работ в центрах доступа – в доме студентов, библиотеке. Предусмотрен электронный контроль знаний: рейтинг выставляется автоматически на основе проверки заданий, посещаемости через QR, внесенных преподавателем баллов, что гарантируют объективность и независимость оценки.

В настоящее время потребность развития языковой составляющей вузовского образования, формируемая в условиях глобализации с точки зрения устной и письменной коммуникации, лингвокультурных аспектов постоянно растет. Языковое образование должно носить непрерывный, открытый и перспективный характер. Образование такого типа представляет собой не только процесс непрерывного развития личности, знаний и навыков, но и отражает изменения в профессиональной деятельности специалиста.

Список литературы:

1. Б.А. Жетписбаева, Ж.Г. Шайхызада, Я. Таборек. О состоянии профессионально-ориентированного обучения иностранному языку в РК: анализ иноязычной подготовки студентов технических специальностей. // Вестник КарГУ. - Караганда, 2017. <https://articlekz.com/article/17954>
2. Левченко В.В., Мещерякова О.В. Медиавоспитание студентов неязыковых вузов как основополагающий компонент новой парадигмы образования. // <https://cyberleninka.ru/article/n/mediavospitanie-studentov-neyazykovyh-vuzov-kak-osnovopolagayuschiy-komponent-novoy-paradigmy-obrazovaniya>
3. Цой А.А. Современные проблемы обучения профессиональному русскому языку в вузах Казахстана. Вестник КазНМУ. - Алматы, 2012. // <https://kaznmu.kz/press/en/2012/09/19/>
4. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31453026#pos=0;0

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Н. Б. Ергешбай¹, С.С. Шокабаева²

¹ 2-курс магистранты, ²Ғылыми жетекші: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, доцент м.а., ф.ғ.к. Астана Қазақстан.

Ұлттық құндылықтарды оқыту – тұлғаның рухани, адамгершілік және мәдени дамуындағы іргелі фактор. Ғылыми тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар – белгілі бір этностың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымының, рухани мұрасының, мінез-құлық нормалары мен мәдени дәстүрлерінің жиынтық көрінісі. Оларды жүйелі түрде оқыту – ұлттың мәдени тұтастығын сақтаудың, азаматтық сәйкестікті қалыптастырудың және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің негізгі тетігі болып табылады. Осы тұста тіл мен әдебиетті ұлттық құндылықтарға бағдарлы оқытудың бірнеше маңызын атап өте аламыз. Біріншіден, ұлттық құндылықтарды оқыту тұлғаның ұлттық санасын қалыптастырады. Бұл процесс оқушының өз халқының тарихын, тілін, дәстүрін терең түсінуіне және соған құрметпен қарауына мүмкіндік береді.

Ұлттық сана – қоғам мүшелерін біріктіретін, рухани тұрақтылық пен әлеуметтік келісімге негіз болатын маңызды психологиялық және мәдени феномен. Екіншіден, ұлттық құндылықтар тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетін дамытады. Оларды меңгеру арқылы оқушы ізгілік, әділет, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Бұл қасиеттер білім алушының мінез-құлық мәдениетін қалыптастырып, өмірлік ұстанымдарын

айқындайды. Ары қарай, ұлттық құндылықтарды оқыту – қоғамның мәдени жаңғыруының негізі екенін атап өту маңызды. Цифрлық дәуірде жаһандану үдерісі ұлттық ерекшеліктердің әлсіреу қаупін туғызады. Сондықтан білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу мәдени әртүрлілікті сақтауға және ұлттық кодтың беріктігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ұлттық құндылықтар білім берудің интегративті мазмұнын қалыптастырады. Құндылықтар концепциясының тек тіл мен әдебиет емес, тарих, өнер, география, тіпті жаратылыстану пәндерінің мазмұнына да енгізіліп, оқыту процесін кешенді және тәрбиелік бағытта жүргізудің маңызы зор.

Түркі әлемінің көсемі саналатын қоғам қайраткері ұлттық құндылықтарды оқыту маңызын бір сөзінде «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деп көрсеткен болатын. Алайда ұлттық құндылықтарды оқыту процессінің әлі де бір ізге түспей, түрлі әдістемелік мәселелерді тудырып отырғаны тағы бар. Аталған әдістемелік мәселелердің туындауының негізгі себептері педагогикалық, психологиялық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік факторлармен тығыз байланысты. Ұлттық құндылықтарды оқытудағы әдістемелік мәселелердің тууына ісер етуші бұл факторларды төмендегідей топтарға жіктей аламыз:

Педагогикалық-ғылыми себептер. Қазір ұлттық құндылықтарды оқытудың ғылыми-теориялық негіздері толық жүйеленбегенін білеміз. Оқыту әдістемесінде ұлттық мазмұнды кіріктірудің нақты үлгілері, модельдері мен әдістемелік нұсқаулықтары жетіспеуі себепті оқыту процессінің біріздендіру қиынға соғып отыр. Бұл мәселе көп жағдайда ұлттық компоненттің оқу бағдарламасына кездейсоқ және жүйесіз түрде енгізіліп, оқытуда тұтастығының болмауына әкеліп отыр. Сонымен қатар кей педагогтар ұлттық мазмұнды жаңа педагогикалық технологиялармен ұштастыруға дайын еместігі де аталған себептер қатарында.

Психологиялық және әлеуметтік себептер. Қазіргі оқушылардың құндылықтық бағдарлары жаһандық ақпараттық кеңістіктің ықпалымен өзгеріп келеді. Ұлттық мәдениетке деген эмоционалдық байланыс әлсіреуі, ата-аналардың тәрбиелік белсенділігінің төмендігі мектептегі ұлттық құндылықтарды оқыту тиімділігін шектейді. Жаһандану процесі жат мәдени әсерлердің артуына алып келеді, сондықтан ұлттық тақырыптар кейде оқушылар үшін қызықсыз немесе ескіргендей көрінуі мүмкін.

Технологиялық себептер. Цифрлық ортадағы ұлттық контенттің аздығы – әдістемелік мәселелердің негізгі себептерінің бірі. Жасанды интеллект, онлайн платформалар, мобильдік қосымшалар арқылы сапалы ұлттық ресурстар жеткіліксіз. Сонымен қатар, мұғалімдердің цифрлық сауаттылық деңгейі кейде төмен болып, ЖИ, интерактивті платформалар, AR/VR технологияларын толық қолдануға мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде инновациялық оқыту әдістері ұлттық мазмұнмен үйлеспей, формальды сипатқа ие болуы мүмкін.

Мәдени-аксиологиялық себептер. Қоғамдағы материалдық құндылықтардың басым болуы және ұлттық дәстүрлерді қазіргі өмірмен байланыстырудың әлсіздігі оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын төмендетеді. Ұлттық мұраны заманауи өмірлік тәжірибемен байланыстыру әдістерінің жеткіліксіздігі оқушылардың оны тек тарихи немесе формальды ақпарат ретінде қабылдауына әкелеіп соқтырады. Кадрлық және білім беру ортасы себептері. Ұлттық құндылықтарды оқытуда жас мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығы жеткіліксіз. Педагогикалық жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие мен мәдениет негіздері толық қамтылмауы, семинар, тренинг, тәжірибе алмасу жүйесінің болмауы – педагогтерге ұлттық құндылықтарды оқыту процесін қиындатады.

Байқағанымыздай, ұлттық құндылықтарды оқытуда туындайтын әдістемелік мәселелердің себептері кешенді сипатқа ие: олар білім беру мазмұнының формалдылығынан, мұғалімдердің кәсіби даярлығының жеткіліксіздігінен, цифрлық ресурстардың тапшылығынан және қоғамның құндылықтық трансформациясынан туындайды. Бұл себептердің барлығы төмендегідей әдістемелік мәселелердің туындауына әкеліп соқтырады.

Мазмұндық үйлесімнің болмауы

Көп жағдайда оқу бағдарламаларында ұлттық құндылықтар фрагментарлы түрде енгізіліп, жүйелі мазмұндық бірізділік сақталмайды.

Пәндердің оқу мазмұны мен ұлттық идеяның өзара байланысы әлсіз;

Ұлттық құндылықтар көбіне тек мерекелік іс-шараларда ғана көрініс табады; Ғылыми тұрғыдан, бұл мәселе — оқыту мазмұнының аксиологиялық (құндылықтық) бағытының жеткіліксіздігінен туындайды.

Мұғалімдердің әдістемелік және аксиологиялық даярлығының жеткіліксіздігі.

Ұлттық құндылықтарды тиімді оқыту үшін мұғалімнің тек пәндік білімі емес, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық, мәдени-коммуникативтік құзыреттері де қажет. Бірақ тәжірибе көрсеткендей: Мұғалімдердің көпшілігі ұлттық құндылықтарды сабақ мазмұнына табиғи түрде кіріктіру әдістерін толық меңгермеген; Ұлттық тақырыптарды оқытуда қолданылатын заманауи технологиялар (ЖИ, цифрлық құралдар, медиа) аз пайдаланылады; Кейде ұлттық мазмұнды жеткізуде субъективті немесе стереотиптік көзқарастар байқалады, бірсарынды әдіс-тәсілдер қолданылады, кейбір жағдайларда ұлттық құндылықтар дәстүрлі түсіндіру, әңгімелеу әдістерімен шектеледі. Интерактивті, жобалық, зерттеу және ойын технологиялары аз қолданылады, сабақта оқушының белсенді танымдық әрекеті жеткіліксіз ұйымдастырылады, ұлттық мазмұндағы тапсырмалар оқушының өмірлік тәжірибесімен байланыстырылмайды. Нәтижесінде, оқыту үдерісі формальды сипат алып, оқушылардың құндылықтық қабылдауы мен ішкі сенімі қалыптаспайды. Бағалау критерийлерінің айқын болмауы. Ұлттық құндылықтарды меңгеруді тек білім деңгейі немесе тест нәтижесімен өлшеу ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Мұнда бағалау білім, қатынас, мінез-құлық және әрекет деңгейлерін қамтуы тиіс. Алайда қазіргі педагогикалық тәжірибеде:

Құндылықтық нәтижелерді өлшеудің бірыңғай критерийлері жоқ;

Бағалау көбінесе формалды сипатта өтеді;

Рухани дамудың динамикасын анықтайтын сапалық өлшемдер ескерілмейді.

Оқу материалдарының заманауи форматта болмауы. Ұлттық мазмұндағы ресурстардың көбі дәстүрлі баспа форматында, визуалды және интерактивті элементтерсіз ұсынылады.

Бұл қазіргі буын оқушыларының (Z және Alpha ұрпағы) қабылдау ерекшелігіне сәйкес келмейді. Осының салдарынан:

Ұлттық тақырыптарға қызығушылық төмендейді;

Оқушы оны өмірлік маңызы бар құндылық ретінде сезінбейді;

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды оқыту – оқушының рухани әлемін байытып,

елжандылық сезімін қалыптастырудың басты тетігі. Бұл бағыттағы әдістемелік жұмыстардың нәтижелі болуы мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқу мазмұнының ұлттық негізде құрылуына және тәрбиелік ортаның біртұтастығына байланысты. Білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу – ұлттың болашағын сақтаудың, мәдени мұраның сабақтастығын қамтамасыз етудің сенімді жолы.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тапанова С.Е., Умбетова А.Қ. М. Дулатұлының публицистикалық еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023. – 142 (1). – Б. 59-65.

2. Өмірбекова Ә. Ө., Қаңтарбаева Ж. У. Қазіргі мәдениеттегі ұлттық құндылықтар мәселесі. // Journal of Philosophy Culture and Political Science. – 2015. – Т. 53. – №. 4.

3. Сапарова Р. А. Ұлттық құндылықтар әлемінде. // А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының 30 жылдығына арналған «Ғылым және жаңа ұрпақ – 2025» атты студенттер мен магистранттардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2025. – Б. 74–76.